


ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӨНЕ АБАЙ

АБАЙ – АКИҚАТТЫҢ ҰШҚЫНЫ.

ОНЫМЕН ОЙНАУҒА БОЛМАЙДЫ



Ежелден ел болуды аңсап, талай тағдырлардың жанын қылп, қаны мен терін теккен баһадүр бабалардың арқасында тұғырлы Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізге де зо жылға жуық уақыт өтіпті. Қазақтың «Отызында орда бұзбаган, қырқында қамал ала алмас» деген тәмсілі бар.

Қадым заманнан бері бабалардың армандаған кеткен күні де осы егемендік емес не еді?! Шымкенттің шайыры, ағам Абай Қалшабектің:

Тәуелсіздік – Махамбеттің арманы,

Исатайдың қында кеткен қанжары...

...Тұрардың да шыға алмаған тұтыры,

Шекерімнің шорт үзілген ғұмыры.

Ұлы Абай да дәм татпаған бұл күнен,

Сом алтынның болса-дағы сынығы, – деуінде үлкен мағына жатыр. Ел болып, бүгінті бутіндігімізді сактаң қалу біздің басты борышымыз. Зады, Тәуелсіздік бізге оңайшылықпен келген жоқ. Оны оңайшылықпен көлмегенін жас буынға түсіндіргеніміз ләзім. Себебі, егемендік пен еркіндік, Тәуелсіздікпен бостандық тұралы сөз айтқан талай дүлдүлдеріміз оққа үшты.

ХХ ғасырда бүкіл ұлтты ояткан Міржақып Дудатов дарабоздай дараланып, Абылайдай атойлап:

Кезінді аш, оян, қазақ, көтер бас-

не сан соғып отырған үстаздан басқа бетен ешкімді көрмейсіз. Абай – орынсыз сынап-шенейтін жан емес. Керісінше, қияннатты Абайға біз жасап жүрміз. Қалай, неге дерсіз?

Хакім шығармаларының ішінде Мұрсейіт қолжазбалары арқылы жеткен «Китаб тасдиқ» атты туындысы бар. Қалың жүртшылық бұл шығарманы «отыз сегізінші қара сез» деген лақаппен танып келді һәм қазақша қотармасын оқып келді. Алайда, «отыз сегізінші қара сездің» түпнұсқасында «Китаб тасдиқ» атты тақырыбы бар, оған қоса бұл шағатай тілінде жазылған еңбек болса, дәл осы өрнекте халыққа жетпеді? Абайдың езі жоғарыдағы өлеңде айтқандай, аузызызбен орақ орамыз деп, өз сөзімізден басқаны үқпай келгенбіз гой. Мәселе осыда.

Абай сол «Китаб тасдиқ» шығармасында билай деп үн катады: «Енди біліннэр, ей фәрзәндлар! Нұдай Таталадының жолы ниһайатсыз болады. Анын ниһайтына нечкім жетбейді. Бірақ сол жолға жүруді езіне шарт қылып, кім қадам басды, ол таза мұсылман, то-

міне, Абайдың өрнегі, Абайдың стилі. Бұл өрнек – Түркі халықтары мындаған жылдар бойы қолданған шағатай өрнегі. Біз осы стильден ажырап қалдық, ағайын! М.Әузев атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті жанынан академик Қожамжарова Даиря Пернешқызының қолдауымен ашылған «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы қазақ әдебиеттанию ғылымында ерекше жаңалықтың ашылуына мұрындық болды. Филология ғылымдарының кандидаты, үстазым Ақжол Батырулы Қалшабектің тікелей ғылыми жетекшілігі арқасында Абайдың біз «отыз сегізінші қара сез» деп атағ келген «Китаб тасдиқ» туындысын абайтану ғылымының 100 жылдық тарихында түрғыш рет транскрипциясын жасап шыққан болатынбыз.

Жоғарыда сіздер оқып отырған ерекше стильтің біз сез етіп отырған транскрипция, ол Абайдың тілі, Абайдың сез қолданысы. Абайды осынай жарықта шыгару М.Әузевтің улы арманы болған. Алайда бул арманға кеңестік дәуірдің цензурасы мүмкіндік берген жоқ. Бул тұралы естелікте: «...

ХХ ғасырда бүкіл ұлтты оятын Міржакып Дулатов дарабоздай даралып, Абылайдай атойлад:

Кезінді аш, оян, қазақ, кетер басты,

Откізбей қарандыда бекер жасты.

Жер кетті, дін нашарлап, хал харал бол.

Қазағым, енді жату жарамас-ты, —
деген жырымен бүкіл елдің санаасына
сілкініс берген еді. Ұлттың тарихи
санаасын түлеткісі келген қазақ ин-
теллигентиясы отты сөздерімен оята-
мын деп жүріп тоталитарлық жүйенің
огына үшіп кете барды. Ал Ахан ше
(А.Байтұрсынов)?

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойдайтындаі мен емес бір күнгісін.

Жүрт үқпаса, үқпасын, жабықпай-
мын,

Ел бүтіншіл, менікі ертеңгі үшін.

Иә, А.Байтұрсыновтай тұлғалар бір күнгісін емес, бүгінгі жарқын заман-
ды ойлады. Ойлап қана қоймай, елін соған шақырды, ұлттық мұрат жолына
куресуге үндеді. Бабалар армандал
кеткен бұл ұлы мақсат - 1991 жылдың 16-желтоқсанында жүзеге асты. Дәл осы күні қазақтың рухы оянды.

Қош, біз сөз етіп отырган Тәуелсіздік пен Абай арасында қандай байланыс бар. Абайтанұңың абызы, менің ұстазым Мекемтас Мырзахметұлы осыдан 2 жыл бұрын «Қазақстан» ұлттық арнасындағы айтулы бағдарлама, маркұм Бейсен Құранбек тізгіндегітін «Айтуға оңайда»:

«Абай – біздің ұлттық санамыздың тірегі» деген сөз айтқан еді. Ралымның бул сөзі – нағыз ақиқаттың үшкіны. ХХ ғасырда «Абай» журналын шығарған Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытовтар «Екеу» деген буркеншік атпен: «Қазақ халқын надандықтың айсыз қараңғы түні ғылым сәулесінен бүркеп, тұншықтырып тұрған кезінде, тұншықкан елге дем болуга, қараңғы жерге нұр болуга, надандық аждағаны ертеуге Құдай жіберген хақиқаттың үшкіны Абай туды», - деген жалынды сөздерімен бүкіл қазаққа жарсалған еді.

Әлбette, Абай – ұлттық санамыз бен Тәуелсіздігіміздің рухани тірегі. Өйткені Абай:

Қайдан ғана бұзылды сартша сыртын?

Үқпайсын ез сөзінен басқа сезді, Аузымен орақ орган еңкей қыртын, — деген күйінің бекер емес. Қараңызшы, Абайдың: «қайдан ғана бұзылды сартша сыртын?» дейтін тәмсілінен байқауға болады той. Нени? Ұлтына деген мейірімді, «қайдан ғана» деп тентектік жасап қойған шәкірті-

ның жолы ниһайатсыз болады. Аның ниһайтына нечкім жетбейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып, кім қадам басды, ол таза мұсылман, то-лық адам делінеді. Дүниадағы тубқі мақсұдың өз файдан болса – өзің ниһаяттысын, ол жол – һұданың жолы емас. Җаламнан жылсун, маган құйылсын, отырган орныма ағыб келә берсін деген – ол не деган инсаф? Не түрлі болса да, яа әқылдың, яа малұңдан ъадаләт шафағат секілді, біреуеләргә жақсылық тигізбак мақсұдың болса, ол жол – һұданың жолы. Ол ниһайаттың жол, сол ниһайаттың жолға айғынды берік басдүн, ниһайаттың һұдаға тақриб хасил болып, хас ізгі күлларындан болмақ үмід бар. Өзгә жолда не үмід бар? Кейбірауларнің үннәрі, бар мақсұды: киүмін түзәтбек, жүрістүрісін түзәтбек болады да, мұнұсын өзіне бір дәуләт біладі. Бұл іслерінің бәрі – өзің көрсетмәк, өзің-өзі базарға салыб, бар әқылдың көзүндегі аһмақтарға «бәрәкалді» дегізбек. «Осундай болар ма едік» деб бірәулар талабланар, бірәулар «осундай бола алмадық» деп күйінэр. Мұнан не файда чықды? Мұнча әуреланіб, сыртынды бір сүйган қауымыңа үқсатарсын. Сыртқа хасиат бітбейді. Аллах Таъала қарайтұғын қалбұна, бойамасыз ынласыңа хасиат бітаді. Бұл айнага табынгандарнің әқылдың қанчалық өсір дейсүн? Өссә әқылдың түбсіз тераң жақсылықтың сүймеклікманан өсар. Ҳұдай Таъала дүниәні қемәләт чеберлікманан жаратқан екан. Һәм адам баласын өссүн, өнсүн деб жаратқан, сол өсіб-өну жолындағы адамның талаб қылыш, изләнәр, қарызылы ісінің алды – әунал дост көбейтбек. Ол достдүн көбейтбекнің табылмағы өзінүң өзгелерінде қолынан келгенінчә достдық мақамында болмақ. Кімге достдығын болса, достдық қақырады. Аның айағы нечкімге қас сағынmasлық һәм өзіне өзгечәлік берәмүн деб, өзін тілмен, яа қылышын артық көрсетмәк мақсұдынан аулақ болмақ. Бұл өзің-өзі артық көрсетмәк екі түрлі: әууелгісі – һәрбір жаманчылықтың жағасында тұрыб, адамдығын бұзатуғын жаманчылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр болады. Екінчісі, өзін егечелікмәнән артық көрсетмек – адамдықтың нұрын, гүлін бұзады. Үчинчісі – қастық қылмак, қор тұтбақ, кеміт-бәк, олар дүспандық қақырады. Һәм өзін өзгече тұтатын демектің түбі – мақтан. Һәрбір мақтан бірәудан асамын деган күнчілік бітіраді да, күнчілік күнчілікді қозғайды. Бұл үч түрлі істің жоктығы адамның көnlіне тынычтық берәді. Һәрбір көңіл тынычтық берәді. Һәрбір көңілгә талаб салады».

жаралық шығару. Әуезовтың үлгіарманы болған. Алайда бұл арманға кеңестік дәүірдің цензурасы мумкіндік берген жок. Бұл туралы естелікте: «... осы арада тағы бір ой келеді. Әсіреле, кеңес дәүірінде Абай жинақтары аз басылған жок, тираждары да мол болды. Енді 150 жылдық тойға дейін Мұрсейттің қолжазбасы бойынша Абайдың жеке, арналы басылымын даярлап, кітап бастырып шыгарса дұрыс болар еді. Мұрсейт еңбегі сонда жарқырап шығар еді. Бір әңгімесінде Турагұлдың қызы Ақила (1990 ж. қайтыс болған):

– Мұқанмен бір кездесіп әңгімелес-кенімде сөзден-сөз ышығып, Мұрсейт туралы айтқанда: «Мұрсейт қолжазбасы бойынша белек Абайдың жинағын құрастыру ойда болып еді, оның моллалығы пәле болды той дай айтқаны есімде» деген екен.

М.Әуезовтің арманын біздер жүзеге асырып жатсақ, неге мақтансып айтпасқа?! Мінеки ағайын, біздің көзденегеніміз өкірманды көркемделген Абаймен емес, нағыз Абаймен таныстыру болатын. Ұстазым Ақжол Қалшабектің сөзімен айтқанда: «Ендігі міндет – Абайды дұрыс танып, зерделеу. Оны жалған бояулармен бүркемелемеу. Абайдан жасанды пүт жасамау. Керісінше онымен сұхбат құру. Одан тағылым алу. Өйткені, Абай – ақиқаттың үшкіны. Онымен ойнауға болмайды. Ойнасаң ол сені өртеп жібереді».

Иә, біздің бұл еңбегіміз хакімнің 175 жылдығымен қатар Тәуелсіздіктің отыз жылдығына да үлкен тарту десем, артық айтқандығым емес. Тәуелсіздікке қыындықпен қол жеткізгесін жокты түгендеп, елді өткенімен қауыштыру біз үшін ұлы бақыт. Шымкенттегі жас ақындардың көшін бастап жүрген, ақын Бауыржан Ерман дейтін жігіттің сөзімен айтқанда:

Жеңімпаз халық мына мен, жөн көрген Ҳақтың жетегін,

Қалыңпай келем ешкімнен, жібермей заман етегін.

Теперіш көріп сан мәрте, сынақтан еткем құламай,

Құлдықтан аман сақтаған тағдыраға тағзым етемін.

Иә, қылыш замандар тарихтың қойнауына кетті. Ол азаптар халық сана-сынан ешқашан ешпес емес. Ендігі тілек Тәуелсіздігіміздің тұғыры жоғары, еліміздің еңесі мәңгі биік болғай!

Әзімхан ИСАБЕК,
М.Әуезов атындағы ОҚУ
«Мұхтартану» ғылыми-зерттеу
орталығының жоғары білікті
маманы